Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

22 мамыр 2023 жыл №4712-22-00-2/746іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья А.Ш.Тленов,
сот отырысының хатшысы А.Әбжатованың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАПҚОЮШЫ:
«Маңғыстау облысы әкімдігінің іс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Даулет» Рыскалиева Перизат Дусуповна

ТАЛАПҚОЮШЫНЫҢТАЛАБЫ:
1) мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2) тұрақсыздық айыппұл өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі М.Тауекелулы
Прокурор Н.Камалов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылы 30 қаңтардатараптарарасында тауарлардымемлекеттіксатыпалутуралы №230025/00 келісім шарты жасалған.Шарттың№1қосымшасына сәйкес,жауапкержалпы сомасы 5 177 227,90 теңгені құрайтын«дәретхана қағазы» тауарын (бұдан әрі - тауар) шарт аумақтық қазынашылықта тіркелген күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде 1157 дана, 60 күн ішінде 1157 дана, 90 күн ішінде 1157 дана, 120 күн ішінде 1157 дана,150 күн ішінде 1157 дана,180 күн ішінде 1157 дана,210 күн ішінде 1157 дана,240 күн ішінде 1157 дана,270 күн ішінде 1157 дана,300 күн ішінде 1157 данажеткізуге міндеттенген.

Талап қоюшы сотқа жүгініп, онда, жауапкерШарт бойынша міндеттемесін тиісті түрде орындамағанын, тауардың жеткізілмегенін айтып, жауапкерді

мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды және тұрақсыздық айыппұлын өндіруді сұраған.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі талап қоюды толықтай қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер сот отырысына қатыспады, сот отырысының өткізілетін орны мен уақытын біле тұра, белгісіз себептермен қатыспауына байланысты, сот азаматтық істі Қазақстан Республикасы АПК-нің 196-бабына сәйкес қарауды ұйғарым етті.

Прокурор талап қою қанағаттандыруға жатады деген қорытындысын ұсынды.

УӘЖДЕУБӨЛІГІ:

1) ТАЛАП БОЙЫНША.

ҚазақстанРеспубликасыАзаматтыққодексінің(бұданәрі-Азаматтық Кодекс)386-бабыныңталабынасайшартоныжасасқанкезденбастапкүшіне енеді және тараптарүшін міндетті болыптабылады.

АлосыКодекстің272-бабыныңталабынасәйкес:міндеттеме-міндеттеме шарттарымензаңталаптарынасәйкестиісіншеорындалуғатиіс,алмұндай шарттарменталаптарболмағанжағдайда – іскерлікқызметөрісіндегіәдеттегі құқықтарғанемесеәдеттеқойылатынөзгедеталаптарғасәйкесорындалуға тиіс.

ҚазақстанРеспубликасы«Мемлекеттіксатыпалутуралы»Заңының (бұдан әрі Заң) 12бабының4–тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізімін білдіреді.

Сот отырысында анықталғаны, Шарттың 8.1. тармағына сәйкес, шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында тіркелгеннен кейін күшіне енеді және 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін қолданылады.

Шарт аумақтық қазынашылық органында 2023 жылдың 31 қаңтарында тіркеліп, күшіне енді.

Шарттың №1 қосымшасына сәйкес, жауапкер тауарды шарт аумақтық қазынашылықта тіркелген күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде, яғни 2023 жылдың 01 наурызынанкешіктірмей жеткізуге міндеттенген.

Алайда жауапкер шарт бойынша өз міндеттемесін орындамады, тауар жеткізілмеді. Бұл мән-жай екі жақты қол қойылған тауарды қабылдап алу-беру актісінің жоқтығымен дәлелденеді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі АПК-нің) 15, 72 және 73-баптарына сәйкес, сот істің мән-жайын анықтау мақсатында өз бастамасымен айғақтар жинаудан босатылған. Әр тарап өзінің негізі ретінде сілтеме жасайтын мән - жайларды дәлелдеуі тиіс. Дәлелдемелерді тараптар мен іске қатысушы басқа да тұлғалар береді.

Жауапкер тарапынан талап қоюшының арызындағы уәждерін және келтірген құжаттарын жоққа шығаратын дәлелдемелер ұсынылған жоқ.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сәйкес тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы заңда көрсетілген мерзімде талап қою арызын сотқа жолдаған.

Істің бұндай тұрғысында сот, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабы қанағаттандыруға жатады деп табады.

2) ТАЛАП БОЙЫНША.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 293-бабында борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес делінген.

Осыған орай тараптар арасында жасақталған шарттардың 7.3. тармақшасына сәйкес жауапкер тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, мерзімін өткен күннен бастап, талап қоюшы жауапкерден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыппұл соммасын өндіріп алады деп көрсетілген.

Талап қоюшымен мемлекеттік сатып алу шарты бойынша23 күнге тұрақсыздық айыппұлын есептеп, 510 780,79теңге х 0,1% х 23 күн =11 747,94 теңге тұрақсыздық айыппұлын өндіруді сұраған.

Сотпен тұрақсыздық айыппұлының мөлшері тексеріліп, шарт және заң талаптарына қайшы келмейтін анықталды.

Істің бұндай жағдайында, сот талап қоюшының тұрақсыздық айыппұлын өндіру туралы талабы қанағаттандыруғажатады деп табады.

ҚР-ның АПК-нің 117-бабының талаптарына сәйкес, жауапкерден мемлекет пайдасына 2 077 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-ніңдағы 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып,сот

ШЕШІМЕТТІ:

Талап қоюшы «Маңғыстау облысы әкімдігінің іс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Даулет»

Рыскалиева Перизат Дусуповнанымемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және айыппұл өндіру туралы талабы – қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Даулет» Рыскалиева Перизат Дусуповна мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Даулет» Рыскалиева Перизат Дусуповнадан мемлекет пайдасына 11 747(он бір мың жеті жүз қырық жеті) теңге94 (тоқсан төрт) тиын тұрақсыздық айыппұлы және 2 077 (екі мың жетпіс жеті) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Шешімге тараптар Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмесі жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Маңғыстау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурор апелляциялық өтінішхат беруге құқылы.

Судья А.Ш.Тленов

Көшірмесі дұрыс
Судья А.Ш.Тленов
Анықтама.Шешім заңды күшіне 29.06.2023 жылы енді.

Судья А.Ш.Тленов

Помощник судьи _____ (_____) марта.

Судья _____ А.Ш.Тагинов.